

Аймак басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы бірқатар әлеуметтік және өндірістік маңызы бар нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты.



АЙМАҚ ДАМУЫНДА СЕРПІЛІС БАР

Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай жаңа әуежай терминалы салынады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әуежай терминалының жұмыстарын көрді. Жерлесіміз, меценат Болат Отемұратов қоры жаңа әуежай құрылысын салуға ниет білдірген. Жаңартудан кейін әуежай сағатына 300 жолаушыға қызмет көрсете алады, бұл жолаушылар ағымын екі есе арттырады. Жыл соңына дейін құрылыстың жобалық-сметалық құжаттамасы аяқталады деп жоспарланған. Жаңа терминал 3,9 гектар аумақта орналасады. Алдағы уақытта Сыр өңіріне қонаққа келушілер мен аймақ тұрғындарына халықаралық стандарттарға сәйкес салынған, жаңа терминал қызмет көрсететін болады.

Мұнан соң облыс әкімі қаладағы су торабының қайта жаңғырту жұмысын аралап көрді. Атқарылып жатқан тірліктер жөнінде мамандармен тілдесті. Қайта жаңғырту жұмыстарына бюджеттен 1 млрд 260 млн теңге бөлінді. Жұмыстар толық орындалған жағдайда Қызылорда су торабынан төменгі ағысқа 1200 м³/с-тен 1900 м³/с-ке ұлғаятын болады.

2 БЕТТЕ

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ



КІМ ДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурс нәтижелері анықталды. Комиссияға бизнес жоспарын ұсынғандар қатары көп болды. Облыста кәсіпкерлік саласын қолдауға бағытталған шараларды іске асыру жүйелі түрде жалғасын табады. Оның ішінде жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 5 млн теңгеге дейін мемлекеттік грантка 120 млн теңге қаржы бөлінді. Оның 70 млн теңгесі кәсіпкерлік қызметіне 3 жыл толмаған 29 жасқа дейінгі жастардың жанаушыл бизнес-идеяларына бағытталды. Бұл қайтарымсыз қаражаттар мемлекеттік гранттар беру қағидасына сәйкес кәсіпкерлерге конкурстық іріктеу негізінде ұсынылды. Бұл туралы өңірлік коммуникация орталығында өткен брифингте айтылды.

– Конкурстық іріктеу өткізу үшін биыл облыс әкімінің өкімімен арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми білім беру мекемелері, салалық сарапшылар, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері енгізілді. Жалпы 11 адам болды. Комиссия шешімі негізінде 1 тамыз бен 19 тамыз аралығында qoldau.kz цифрлық платформасы арқылы құжат қабылданды. Комиссия қарауына нақты грант көлемі 3 млрд теңгені құрайтын 673 өтінім енгізілді. Мұндағы осал топтағы азаматтардың үлесі 30,6 пайызды құрады.



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Ақмешіт

апталығы

17 қыркүйек
сенбі

№74 (1878)

2022 жыл

■ ПРЕЗИДЕНТ

«ШАНХАЙ РУХЫН» НЫҒАЙТУ АСА МАҢЫЗДЫ»

Мемлекет
басшысы
ШЫҰ-ға мүше
мемлекеттер
басшылары
кеңесінің
кеңейтілген
құрамдағы
отырысына
қатысты.



Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын дамытудың басым бағыттарына тоқталды.

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрамы тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бұл – біздің Ұйымның халықаралық беделі мен ықпалының өсіп келе жатқанының айқын дәлелі.

Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты.

Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды. Осындай жағдайларда өзара сенімге, тең және ашық диалогқа негізделген бірегей «Шанхай рухын» нығайту аса маңызды. Біздің алдымызда ШЫҰ әлеуетін толық пайдалану міндеті тұр. Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту барлық қатысушы мемлекеттің мүддесіне сай келеді. Ұйым қызметін одан әрі жетілдіріп, ШЫҰ кеңістігінде

және одан тыс жерлерде негізгі үрдістерді болжау ісін күшейту маңызды. ШЫҰ қызметі оның жарғалық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидаттардың өзектілігін айқындады. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау. Ұйымның негізгі міндеті аймақтық қауіпсіздікті нығайту болып қала береді. Осы ретте ШЫҰ-ның Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен арадағы қатынастарды нығайту маңызды рөл атқара алады. Ұйымның ақпараттық кеңістігін қорғау инфрақұрылымын құру үшін киберкылмыспен күрес мәселелерінің өзектілігі арта түседі. Ұйым кеңістігіндегі өсімінің қозғаушы күші – ШЫҰ аясында ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыру.

Біздің алдымызда Ұйымның жобалық қызметін тиісті қаржыландыруды қамтамасыз ету мәселесі тұр, – деді президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ КӨКЕЙТЕСТІ

Мемлекет басшысы өзінің жалпы сайынғы дәстүрлі Жолдауында ұлт саулығын жақсарту, денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесіне жан-жақты көңіл бөлуде. Оның ішінде ана мен бала денсаулығын сақтау – басты назарда. Тіпті бұл мәселе күн тәртібінен түскен емес. Алайда жана туған шақалақ өмір есігін ашпай жатып жарық әлеммен қоштасқан, перзентханаға үлкен үмітпен барған ана үйіне қайтып оралмайтын жайттар көп кездесуде. Осыдан асқан қасірет бар ма?



ДӘРІГЕР БІЛКСІЗ БЕ, ӘЙЕЛ КҮТІМСІЗ БЕ?

Соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына еселеп қаржы бөлінуде. Медициналық мекемелерге заманауи құрал-жабдықтар сатып алынууда. Ал халық санын арттырып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде, демографиялық ахуалды жақсартуда ана мен бала денсаулығы маңызды рөл атқарады. Сондықтан оларға жағдай жасау мақсатында Сыр өңірінде заман талабына сай перзентхана салынып, емханаларда жүкті әйелдерді кезексіз тексеру шаралары жүргізілуде.

Бір өкініштісі, ана мен бала денсаулығына қанша қолдау көрсетілсе де өлім-жітімнің көрсеткіші төмендемей тұр. Мәселені бір жақты қарауға да әсте болмас. «Таяқтың екі ұшы болады» демекші, қазіргі кезде дәрігерлерді жүкті ананың денсаулығы ойлан-дырып отыр. Олардың айтуынша, барлық әйел денсаулығына көңіл бөлуі тиіс. Себебі дені сау анадан дені сау бала дүниеге келеді.

Оны күнделікті өмірден де көріп жүрміз. Тіпті соңғы кезде уақытынан ертерек босанатындар қатары артқан. Оған бала көтеру жасындағы әйелдердің басым көпшілігінің қан аздығы мен иммунитеті төмендігі себеп болуда.

Біздің өңірде өткен жылы 10 ананың өлімі тіркелсе, биыл жыл басынан бері 3 ана қайтыс болды. Өкінішке қарай, оның қатарына кеше тағы бір ана қосылды. Осы аптаның басында ана мен бала орталығына бесінші сәбін босануға келген 39 жастағы Жазира Қожанова перзентханада көз жұмды. Қара жамылған отбасы дәрігердің салғырттығы мен дұрыс қарамағандан осындай жағдай орын алды деп отыр.

Р.С. Әрбір дәрігер өз міндетін адал атқарып, әрбір жүкті әйел денсаулығына жігі мән берсе, мұндай жағдай орын алмас еді-ау. Өкінішті-ақ...

Марқұмның артында 4 баласы ботадай боздап қалды.

Ақмарал О.ЖАБАЕВА

Аялаймын сені, Қызылорда!

■ ҚАЛА КҮНІНЕ ОРАЙ

Жастығымның күәсі...



«Сүйікті шаһарым! Игі жақсының ізі қалған сенің топырағыңнан киелі нәрсе жоқ. Талай сырды ішке бүккен сенің тағдырың да сан қилы. Өзіңде туып-өскен қаншама перзенттің тағдыр жолы өзіңе аян. Аптапты ыстығыңнан, шанды желіңнен қуат алып, өмір-күреске шынықтырғандай баптайтын әрбір перзенттің өзіңе алғыстан басқа айтары жоқ». Мерекеңмен, Қызылордам!

Бұл естеліктер топтамасын оқығаннан кейін алған әсер десек те болады.

Жыл сайын қала күні мерекесі дәстүрлі түрде аталып өтеді. Бұл күнді қалалықтардың асыға күтетіні де рас. Бұл күн думандатып, қызыл-жасыл шаралар өткізу емес, бір сәт те болса, туған қалаға деген әрбір тұрғынның ыстық ықыласы, сондай-ақ өз қаласының тарихына, қасиетіне үнілумен мәнді. Аға буынның естелігі кейінгі толқынға ой салары анық, өз қаласына, айналасына құрметі артар деген үміт те жоқ емес. Осы орайда әрбір жолы, ғимараты өзіне ыстық көріністі, жастығының куәсі болған қала туралы естеліктер айтуға тұрғындарға мүмкіндік жасадық. Бір айта кетерлігі, әрбір естелікте сүйіспеншілік пен жылулық, риясыз алғыс сезіледі. Тіпті ерінбей, альбом ақтарып, сол кездердегі фотоарды жолдағандар да болды. Мұндай белсенді оқырмандарымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қаланың мәңгі жасауы да ондағы адамдардың тілегінен болса керек...

2 БЕТТЕ

■ АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

КЕЛЕСІ
САҢДА:

БЕЙІМБЕТТІҢ «ШҰҒАСЫ» СЫРДА БАСЫЛҒАН

2 БЕТТЕ

АЙМАҚ ДАМУЫНДА СЕРПІЛІС БАР


Аймақ басшысының келесі бағыты М.Ықсанов атындағы колледж ғимараты болды. Оқу ордасы бір жыл бұрын сенімгерлік басқаруға берілген. Сенімгерлік басқарушы ЖК «Шакиенова» ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, материалдық-техникалық базасын жанартқан. Заманауи үлгідегі ғимарат білім саласын жетілдіру мен саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында жүйелі жұмыс істеуде. Қазіргі таңда

маман тәрбиелеуде озық тәжірибені қолданудың айқын дәлелі.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Мағжан и К» және «Абай-Дәулет» компаниясы зауыттарының жұмыс барысымен танысты. Қызылорда облысы республика бойынша күрішке деген сұранысты толық қамтыса, экспортқа шығарылатын өнімнің 92 пайызын Сырдың ақ маржаны құрайды. Бұл компаниялар Сыр күрішін елге танытуда аяңбай еңбек етіп келеді. Облыс әкімі Президенттің, Үкімет бас-

мемлекеттік органдармен бірлесіп шешілуде. Технологиялық талаптарға сәйкес пеш 1400 градус температураға дейін бірте-бірте қызатын болады. Өнім шығару үшін қажетті шикізаттық материалдардың барлығы жеткізілді. Өндірісте жергілікті шикізат – Аралдың кварц құмы қолданылатын болды. Облыс әкімі жоспарға сәйкес алғашқы әйнекті қазан айының ортасында шығаруды тапсырды.

Шыны зауытының құрылысы басталар тұста, «өңір дамуына серпіліс беретін ірі жобалардың бірі» деп баға берілген болатын.



политехникалық колледжде

192 студент өз мамандықтарының иегері болу мақсатында білім алып жүр. Еңбек нарығындағы сұранысқа сай маман дайындау үшін оқу орнына қажетті заманауи жабдықтармен жабдықталған. Колледж мұғалімдері мен білім алушылары халықаралық, республика, облыс көлемінде өтетін шараларға, байқаулар мен мамандықтар бойынша көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Бұл колледждің жоғары білімді


шысының қолдауы негізінде су көлемі биыл былтырғы жылдан жоғары болғанын тілге тиек етті.

Қаладағы нысандарды аралау барысында аймақ басшысы шыны зауытына да барды. Бүгінгі күні негізгі жұмыстар аяқталған. Қалған жұмыстар бойынша – зауыт аумағын абаттандыру, іске қосу актісін және шығаратын өнімге тиісті рұқсат құжаттарын алу жүргізілуде. Бұл мәселелер де штаб отырысында қаралып,

Бүгінде әлеуметтік нысандарды аралау барысында облыс орталығында ауқымды жобалардың жүзеге асып жатқаны айтылды. Бұл аймақ дамуында оң серпіліс бар екенін көрсетеді.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте



ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ- КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Брифингке комиссия төрағасы, «Dalatex» ЖШС директоры Ділмұхамед Абызов, «K-Group LTD» ЖШС директоры, комиссия төрағасының орынбасары Қайрат Боранбаев, «NP-Consulting» ЖШС директоры, комиссия мүшесі Ғалым Прекешов қатысып, қойылған сауалдарға жан-жақты жауап берді.

– Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес конкурстық тапсырылған жобалар іріктелді. Әрбір бизнес жобаны тереңінен саралап, жан-жақты зерделеп, зерттеп барып шешім шығардық. Ұсынылған өтінімдердің 50-ден астамы наубайхана, кондитерлік өнім өндіруге, 60-тан астамы ет, балықтан жартылай фабрикалар дайындау, сүт өнімдерін өңдеуге, 75-і тігін тігуге, 17-і жиназ өндіруге, 38-і СТО, вулканизация, автожол және детейлинг қызметтеріне бағытталған. Сонымен қатар 49 жоба денсаулық сақтау саласында клиникалар, сауықтыру орталықтарын ашуға, 37 жоба мектепке дейінгі білім беру, оқу орталықтарын ашу сияқты білім

Ұсынылған өтінімдердің 50-ден астамы наубайхана, кондитерлік өнім өндіруге, 60-тан астамы ет, балықтан жартылай фабрикалар дайындау, сүт өнімдерін өңдеуге, 75-і тігін тігуге, 17-і жиназ өндіруге, 38-і СТО, вулканизация, автожол және детейлинг қызметтеріне бағытталған. Сонымен қатар 49 жоба денсаулық сақтау саласында клиникалар, сауықтыру орталықтарын ашуға, 37 жоба мектепке дейінгі білім беру, оқу орталықтарын ашу сияқты білім

беру саласына, 23-і ойын-сауыққа бағытталған.

Яғни бұл шағын кәсіп түрлері облыста жолға қойылған, жаңашылдығымен ерекшеленген жобалар аз. Айта кету қажет, биыл конкурстық гидропоникалық әдіспен жем-шөп дайындау, биогаз шығару және жылыжай ашу жобалары көп ұсынылды. Комиссия осы жобаларды қарап, жеке дара қолдау, платформасында дауыс берді. Нәтижесінде 26 жобаны қаржыландыру мақұлданды.

Жобаны іске асырмаған, тиісті жұмыс орнын құрмаған, бұрын қолданыста болған, ескі құрал жабдықтарды сатып алған, тіпті қаражатты алып, өз мүддесіне жұмсаған жағдайлар да кездесті. Жасыратыны жоқ, халықтың басым бөлігі кәсіптің жауапкершілігін сезінбей отыр. Әрбір қабылданған шешімнің, бөлінген қаражаттың сұрауы болатыны ескерілуі тиіс, – деді комиссия төрағасы Дилмұхамед Абызов.

Тұрар ЖОКЕБАЙ

Басы 1-бетте



Жастығымның куәсі...



Сейдал
ЕГЕМБЕРГЕНОВ,
Қызылорда қалалық
мәслихаты аппаратының
қызметкері:

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА БЫҚПАЛ ЕТКЕН ҚАЛА

Бала кезімізде қалаға келудің өзі бір арман ғой. Ол кезде қазіргідей күн сайын қалаға келіп-кетуге, қыдыруға адамдардың мүмкіндігі жоқ еді. Мен қалаға алғаш рет 1976 жылдары 8 сынып оқып жүргенде келдім. Санаулы оқушыны комсомол қатарына өткізуге апайымыз алып келді. Сол жылдары ел арасында «Запад» аталып кеткен «Ақмешіт» шағын ауданының құрылысы жүріп жатыр екен. Дария жағасындағы жаңа құрылысты көріп қатты қызықты, қарасаң көз тоймайтындай әсер етті. Осы көрініс маған қатты әсер еткені сондай, құрылысшы боламын деп шештім. Кейін құрылысшы болдым да. Жастық шағымыз өткен қала ғой. Бүгінде алпыстың асуына қалам бастық. Қаланың әрбір көшесі, әрбір шағын ауданы өткен күндерден сыр айтып тұрғандай сезіледі. Мен 1980-1988 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылордадағы филиалында оқыдым. Кейін бұл оқу орны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне қосылды. Студенттік жылдары мейрам сайын шеруге шығу халық үшін бір мереке болатын. Ұжымдардың көптігі сондай, шеруге шыққандар орталық алаңнан Абай көшесіне дейін созылып жататын. Қазіргі сот ғимаратының сырты қолдан салынған плакаттардан көрінбейтін. Барлығы ұжымдардың мерекесіне дайындығы, үлкен еңбегі ғой. Жастық шағымыздағы Қызылорданы еске түсіргенде көшелерде орналасқан телефон автоматтары еске түседі. 2 тынды салып жіберіп, сағаттап қыздармен сөйлесуші едік. Одан қалды сол кездегі «газводаны» әлі сағынамыз. Үлкен мұздатқыштың көлеміндей «газвода» құйылған автомат қаланың 2-3 жерінде бар еді. Жанында стаканы тұрады, тынды салып жіберіп, іше бересін. Сол жылдары қазіргі Қызылжарма ауылында орналасқан үлкен ет комбинаты жанынан күн сайын «ливерный пирожки» пісіріп, қалаға жеткізетін. 4 тын тұратын пирожки студенттердің сүйікті асы еді. Темір жолдың арғы бетіндегі 500 адамдық депонның асханасынан тамақ ішуге арнайылап баратын едік. Ал студент-жастар жиі жиналатын жалғыз орын

– қалалық саябақтың кіре берісінде үлкен би алаңы. Қазіргі көзбен қарағанда сол кездегі қала шағын болғанымен біз үшін орны бөлек болды. Санаулы дүкендер. Біздің буын үшін «Дархан», «Нұрлан» дүкендері ерекше ыстық болғаны рас. Студент кезімізде осы дүкендерге жиі бас сұғатын едік. Сондай-ақ қаланың орталық көшесі саналатын Абай көшесі қалай өзгергені көз алдымызда. Кезінде ғимараты санаулы, осы бір шағын көшенің өзі бізге үлкен бір даңғыл секілді еді. Жылдарды артқа тастап, Абай көшесі шындығында бір даңғылға айналды. Жыл сайын қаланың даму белесін осы Абай даңғылынан-ақ байқаймын.



Рәзия ҚАЛЖАНОВА,
«ҚазГерМұнай»
ЖШС БҚ жанындағы
ардагерлер кеңесінің
төрайымы:

ҚАЛА МЕН ТАСБӨГЕТ АРАСЫ...

Бүгінде қаламен біте қайнасып кеткен Тасбөгет кенті бір кездері қаладан оқшау орналасқан сияқты сезілетін. Себебі қаламен іргелес жатқан бұрынғы Сырдария ауданының орталығы болған Тасбөгет кентімен екі ортадағы жер бос жататын. Қазір бос жатқан жер жоқ, кереметтей жеке үйлер, ғимараттар, көпқабатты үйлер салынып, теп-тегіс жол мен жарқыраған шамдар көңілге қуаныш ұялатады. Уақыт өте келе жаңарған, жасарған қаланы көріп қуанамыз. Туған күнімен, Қызылорда!



Раушан
ЖӘДІПЕРГЫЗЫ,
«Сыр еркесі»
балабақшасының
менгерушісі,
Қызылорда қалалық
мәслихатының депутаты:

ТАРИХИ ҒИМАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ БӨЛЕК

Қала тарихынан сыр шертетін ғимараттардың орны бөлек қой. Мәселен, қазіргі «Аль-Асад» сауда үйі кезінде қыздар колледжі, баспахана болғанын кейінгі буын біле бермейді. Сол ғимаратты көрген сайын «қандай тарихи орын» деп ойланамын. Сол сияқты тарихы терең, ел астанасы болған Қызылорда қаласының әрбір қалтасы тарихтан сыр шертіп

Басы 1-бетте

тұрғандай. Жастық шағымыз өткен қала ғой бұл. Қазіргі көзбен қарағанда сол кездегі қала шағын болғанымен біз үшін орны бөлек болды. Санаулы дүкендер. Біздің буын үшін «Дархан», «Нұрлан» дүкендері ерекше ыстық болғаны рас. Студент кезімізде осы дүкендерге жиі бас сұғатын едік. Сондай-ақ қаланың орталық көшесі саналатын Абай көшесі қалай өзгергені көз алдымызда. Кезінде ғимараты санаулы, осы бір шағын көшенің өзі бізге үлкен бір даңғыл секілді еді. Жылдарды артқа тастап, Абай көшесі шындығында бір даңғылға айналды. Жыл сайын қаланың даму белесін осы Абай даңғылынан-ақ байқаймын.



Қазыбек
ӘШІРБЕКҰЛЫ,
сатирик:

«ҚЫЗЫЛОРДАДАН ҚАЗАН ДА ШЫҚҚАН»

Өмір жолымыз өрілген қаланың көз алдымыздағы әрбір кезеңі өзіне қызық. Қаланың да адам секілді өз өмірі бар. Бірде қуанатын, бірде мұңайтын сәттері де аз емес. Қаланың да өмір жолында жоғалтқаны да, тапқаны да аз емес. Біздің жастық шағымыздағы қала шағын еді. Елестетіп көріңіз, 1956-57 жылдары «Южныйдағы» №140 мектеп қаланың ең ішкі болатын. Бір қабатты, сырты әктелген үйде орналасқан сол мектептің елдің бәрі «Ақ шол» деп атайтын.

60-жылдары «Универсам» орны ақбас шөптен көрінбейтін, ар жағы канал. Сол шөптің ортасында талай футбол ойнадық. Қаланың орталық көшелеріне тас төселген, шет жақтарындағы көшеге ол да бұйырмаған кез. Сонда тас төселген көшелерге тұрғындар қызыға қарайтын. Қала тарихында елдің есінде қалған сәттер аз емес. Талай зауыт-фабрикалар дүрілдеп тұрды, қалалықтар сонда жұмыс істеді. Аяқ киім фабрикасы, трикотаж фабрикасы және тағысын-тағы. Орайы келгенде бір оқиғаны айта кетейін. Бір қызылордалық жұмыс бабымен Мәскеуге барған екен. Бір дүкен алдында ұзын-сонар кезек дейді. Ол да тұра қалып, ел талас-тартмаса алып жатқан аяқ киімнен алады ғой. Кейін қараса, «Қызылорда аяқ киім фабрикасы» деп жазулы тұр екен. «Мәскеуге барып, өзіміздегі аяқ киімді алып қайтқанмын» деп күліп айтады өзі.

P.S. Жастық шағыңыздың куәсі болған қала туралы қызықты сәттер, естеліктер айтқыңыз келсе, хат жазыңыз, құрметті оқырман. Біз жариялауға асықпыз.

Мен үшін қаладағы ЦКЗ ғимараты сондай ыстық көрінетін. Себебі ағаш ұстасы мамандығын алған мен жұмысқа тұрған кезде осы зауыттың есік-терезесін салған едім. Қазір ғимараттың ізі де қалмады. Сол жерден өтіп бара жатып, ғимараттың орнын көрсем, жүрегім қан жылайды.

Бұл қалада қандай өнім шықпады дерсіз?! Нағыз өндірістің қаласы болды ғой. Қызылордалықтар тіпті қазан да шығарған. Дария жағасындағы Суворов (қазір Алмағамбетов көшесі болу керек) көшесінде қазан цехы болды. Сонда қазанның түр-түрі, табалар шығаратын. Бір сөзбен айтқанда, қызылордалықтар қазаннан кенде болмады.



Эльзира
САГИТЖАНОВА,
Қызылорда облыстық
тарихи-өлкетану
музейінің экскурсиялық-
көпшілік бөлімінің
менгерушісі:

«СЫРДАРЯДАН» СОРПА ІШУ АРМАН ЕДІ...

Адам баласының өмірі кезең-кезеңінен тұратыны белгілі: балалық шақ, мектеп қабырғасындағы уақыт және қызығы мен шығығы мол студенттік кезең. 1990-1995 жылдары студенттік жылдар Қызылорда қаласында өтті. Жастық шағымыздың куәсі болған қаланың әрбір жолы ыстық көрінетіні рас. Әсіресе студенттік шақты айтқанда, ең алдымен жатақханаға жақын орналасқан «Қаракөз» кафе-іске түседі. Қалтамызға ыңғайлы болғандықтан шығар бар студент сол жерден тамактанатын. Сол кафе алдындағы қазіргі арбатпен №1 автобус жүретін, сол автобустармен сабаққа келетін едік. Сол кездегі студенттер үшін орталық алаңда орналасқан «Сырдария» мейрамханасына бару біз үшін арман еді. Ақшамыз жетсе де, жетпесе де мерекеле сонда барып, сорпа ішек те маз боламыз. Қазіргі Әйтеке би көшесіндегі үлкен «Нұрлан» дүкеніне кезекке тұрғандар сыртық шығып тұратыны есімізге жатталып қалыпты. Біз үшін ең керемет орын – Алтынсарин кинотеатры (қазір «Достық үйі») мен қазір музейге қарама-қарсы ғимарат Амангелді кинотеатры (бүгінде сауда үйі орналасқан) еді. Апта сайын киноға бару – студенттер үшін үлкен қуаныш. Бүгінде сол көшелермен жүріп өтсек, талай қызықты сәттер еске түседі. Кейбір ғимараттар бүгінде бұзылып кетсе де, көңілде қалған естеліктер ұмытылмайды.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Қызылөзек ауылдық округі Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 37 шақырым қашықтықта орналасқан. Сырдария ауданымен көршілес бұл округтің тарихы XX ғасырдың басында жатыр. Бұл жолы Қызылөзектің руханияты жайлы сөз қозған, мәдениеті жайлы қалам тербедік.

Қызылөзек ауылдық округінің халқы мәдени белсенді. Ауылда апта сайын іс-шара, концерт ұйымдастырылады. Мұндағы ерекшелігі – ауыл тұрғындары көрермен ғана емес, қатысушылар қатарында. Өнер саласына ауыл халқының қызығушылығы жоғары. Мәдени белсенділік танытқан тұрғындар әр мерекелік шарада концерттік бағдарлама қойып, өз жоспарына сәйкес шаралар өткізеді. Бұл мәдени жиынның барлығы Қараөзек ауылдық клуб үйінде өтеді.

Іргетасы 1959 жылы қаланған клуб 1961 жылы пайдалануға берілген. Бір мезгілде 140 көрерменді қамти алатын ауылдық клуб үйінде онға жуық үйірме мен ауыл кітапханасы бар.

– Жарты ғасырдан астам уақыт қызмет етіп тұрған мәдениет үйі бүгінде жұмысын өз деңгейінде атқаруда. Клуб үйінде 12 қызметкер жұмыс істейді. Мәдениет ошағында 8 үйірме бар. Оның ішінде «Гүлдер-айым» әжелер және «Орда KZ» вокалды-инструменталды ансамблі бар. Одан бөлек ән, би, көркемсөз оқу мен домбыра үйірмесі жұмыс істеп тұр.

шысы Айғаным Мұратбек «Абай – дана, Абай – дара қазақта» байқауында жүлделі ІІІ орынды иеленсе, Токтар Әділ мен Қайырбек Айбекұлы Жамбыл Жабаевтың жырларын оқу байқауынан жеңімпаз атанған. Одан бөлек «Гүлдер-айым» әжелер ансамблі



Бүгінде клубтағы 8 үйірмеге 96 қатысушы тартылған. Мұндағы дыбыс жазу студиясында өнерпаздарымыздың әндерін жазып, оранжировкасын жасаймыз, – дейді клуб директоры Айдос Байкенов.

Ауылдағы мәдениет ордасы атаулы даталарға орай жыл сайын 50-60 шара ұйымдастырса, жоспардан тыс 15-тен астам мәдени кеш өткізіледі. Тағы бір айта өтерлігі, әр жас ерекшелігіндегі тұрғындар қамтылған. Мектеп оқушылары, орта жастағылар мен ауылдың егде тұрғындары мерекелік концерттерде көрермен болып та, өнер көрсетуші ретінде де қатысады. Тағы бір айта кетерлік жайт, ауылда болатын кез келген мерекелік шара тек үйірме мүшелерінің қатысуымен өтеді. Сырттан өнерпаз шақыртудың орнына ауыл өнерпаздарының концертін қою ауыл тұрғындарының қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Ауыл жастарына арналған би кештері, көңілді тапқырлар ойындары да ұйымдастырылады. Мысалы, ауылдағы «ЖасStar» көңілді тапқырлар клубының мүшелері екі апта сайын концерттік бағдарлама қойып, тұрғындарды өнерімен тәнті етуде. Бұдан бөлек ауыл балаларының жазғы демалысын қызықты өткізу үшін клубта кинокөрсетілім ұйымдастырылып, балалар мультфильм тамашалау мүмкіндігіне ие болған.

Биыл клубта «Ауыл әкімі кубогіне» арналған қалалық жайдарман сайысы, «Домбыра күніне» орай облыстық іс-шара ұйымдастырылған. Алдағы уақытта Қараөзек ауылдық клубының ұйымдастыруымен Роза Бағланованың атындағы облыстық байқау, жергілікті ақын Бозымбай Қоқыбасұлы атындағы қалалық деңгейдегі шара өткізілмек.

Үйірмеге қатысушылардың жетістіктері де аз емес. Көркемсөз үйірмесінің қатысу-

шысы Айғаным Мұратбек «Абай – дана, Абай – дара қазақта» байқауында жүлделі ІІІ орынды иеленсе, Токтар Әділ мен Қайырбек Айбекұлы Жамбыл Жабаевтың жырларын оқу байқауынан жеңімпаз атанған. Одан бөлек «Гүлдер-айым» әжелер ансамблі

ТАЛАНТЫМЕН ТАНЫЛҒАН

Ауылдық клуб үйінің директоры Айдос Мұратбекұлының композиторлық өнері бар. Өзі жетекшілік ететін «Орда KZ» вокалды-инструментальді ансамблінің барлық өлеңін өңдейтін де өзі.

Клубтағы дыбыс жазу студиясында ауыл әншілерінің әнін өңдейтін Айдос Байкенов бүгінде 100-ге жуық ән жазған. Стильдік ерекшелігі бар композитордың әндері облыс пен республика сахналарында да айтылып жүр.

«Ел іші – өнер кеніші» атты дәстүрлі қалалық байқауда автордың әні «Ең үздік ән» аталымын жеңіп алған. Одан бөлек бірнеше талантты шәкірттерді де тәрбиелеп шыққан.

– Біздің ауылдағы мәдениет үйінің мақтанышы – Ғалымжан Молданазар. Әрі досым, әрі інім, шәкіртім Ғалымжанмен осы студияда қона жатып музыка жазатынымыз. Өзіміз үйірме ұйымдастырып, ауыл таланттарының шығармашылығын шыңдауына үлес қостық. Ғалымжанның байқауларға қатысуына ықпал жасап, «Бозторғайда» өнер көрсетуіне көмектестік. Бүгінде ол талабымен талантының арқасында қазақ сахнасын ғана емес шетелде де өнер көрсетіп жүр. Біз сол ауыл мәдениетіне үлес қосайық деп туған жерде қалдық, – деп еске алды композитор.

КІТАПҚҰМАРЛАР АУЫЛЫ

Ауылдық клуб ғимаратында орналасқан кітапхана ауыл халқына 2003 жылдан бері қызмет етеді. Бүгінгі күні ауыл кітапханасында 750 оқырман болса, оның 500-і тұрақты. 13 мың кітап қоры бар орталықта 9 мың кітап қазақ әдебиетінікі.



Қазір жастар арасында әндері танымал «2RAR» да осы ауылдың тумасы. Әнші Тұрар Ыдырыс та бала кезінде ең бірінші осы ауыл сахнасында өнер көрсетіп, ән үйірмесіне қатысқан.

Жалпы Сырдарияның орта ағысында орналасқан бұл ауыл киелі және таланттарға кенде емес. Қаракөз күйін осы стансада отырып жазған күйші Исламбек Ысқақов, ақын Әбділді Тәжібаев 6 жасынан бастап Қараөзек ауылында тұрған. Міне, осындай дарынды да дара перзенттердің таланты бүгінгі буынға беріліп, олар қазақ өнерін өз деңгейінде дамытып жүр.

жобасымен бірлесіп тұрғындардың заң жүйесіндегі сауатын арттыру үшін орталық ұйымдастырып, оқырмандармен кездесу, пікірталас ұйымдастырамыз. Жазғы демалыс кезінде балалар көптеп келіп, оларға интеллектуалды ойындар ойнайтын жағдай жасадық, – дейді №10 кітапхана меңгерушісі Мираш Досмырзаева.

Ауыл кітапханасында проза жанрын сүйіп оқитындар көп. Апталап жұмысқа кететін оқырмандар бірнеше кітапты өзімен алып кетеді. Сонымен қатар

қатар немерелерін де ертіп, кітапқа деген құмарлығын арттырып жүреді. Назерке Ерболат есімді оқырман да белсенді. Кітапханашы жас оқырманның сұранысын қанағаттандыру мақсатында іздеген кітабын тауып беру үшін барын салатынын да жасырмады. Ал Жарқын Бисеков болса кітапханаға келген барлық жаңа кітаптарды жанрына қарамастан алып кетіп оқиды екен.

ҮЛГІЛІ ҮЙІРМЕ

Ауыл клубында балалардың қызығушылығына қарай бірнеше үйірме жұмыс істейді. Әсіресе би билеп, ән салатын өрендер қатары көп.

– Негізгі мақсат – ауыл балаларының уақытын тиімді өткізу, талантты шәкірттерді тәрбиелеу, өнерін шыңдау. Мен «Бозторғай» ән және «Жауқазын» би үйірмесіне жетекшілік етемін. Ауылдағы әнші балаларымыз қалалық және облыстық деңгейдегі жарыстарда жеңімпаз атанып жүр. Мысалы, «Гүлдерайым» әжелер ансамблі биыл қалалық ән байқауынан ІІІ орын иемденді. «Ел іші – өнер кеніші» атты қалаға жақын орналасқан елді мекендер арасындағы дәстүрлі қалалық байқауында үйірме тәрбиеленушілері жүлделі ІІ орынды жеңіп алды, – дейді клуб әдіскері Гүлсана Төреханова.

Ауыл бишілері клубтың кіші залында сабақ өтеді. Қазіргі кезде репертуарында 14-ке жуық би үйренген балалар әр мерекелік шара сайын өнер көрсетеді. Ауылдың жас әншілері де ауыл көрермендерінің көзіайымына айналып, бүгінде үлкен сахналарда да төбе көрсетіп жүр.

Қызылөзек ауылының тұрғындары арасында колөнер де дамыған. Клубтың қызметкері Ұлтай Әбдиева жетекшілік ететін «Колөнер» үйірмесінің құрамында 12 адам бар. Олардың бірі тоқымадан түрлі бұйым жасаса, өзгесі кесте тігіп, ұршық иіреді.

– Менің анам кілемші болған. Кішкентай кезімнен оған көмектесіп, көзбен үйрендік. Дегенмен анамнан ерте айрылғандықтан көп нәрсені үйреніп үлгермедім. Қазір қолымнан аздап тоқу келген соң, инеге икемім бар болғандықтан осы үйірмеге жетекшілік етемін. Колөнершілер үйірмесінде ауылдағы қолынан кесте тігу келетін нәзік жандар бар. Біздің қолымыздан шыққан дүниелердің барлығы осы ауылдық клуб көрмесінде көрермен назарына ұсынылған, – дейді Ұлтай Ысқақызы.

А.НҰРАЗҒАЛИ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №66-НҚ бұйрығына сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне 2022 жылдың 1 қазанынан бастап 31 желтоқсан аралығына уақытша өтемдік тариф бекітілді: Жылу энергиясын өндіру қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2823,13 тенге;

Жылу энергиясын беру және тарату қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2331,38 тенге;

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 132,25 тенге;

Яғни, 1 Гкал жылдағы орташа босату тарифі ҚҚС-сыз 5286,76 тенге, оның ішінде:

Халыққа 1 Гкал – 2090,99 тенге ҚҚС-сыз,

Бюджеттік мекемелерге 1 Гкал – 18451,91 тенге ҚҚС-сыз,

Басқа тұтынушыларға 1 Гкал – 3287,58 тенге ҚҚС-сыз,

Ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен жабдықтау – 2090,99 тенге.

2022 жылдың 1 қазанынан бастап 31 желтоқсан аралығына жылу энергиясына уақытша өтемдік тариф бекітілді:

Ыстық суды жабдықтауға жеке есептеу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін 1 адамға 1 айға – 334,56 тенге ҚҚС-сыз;

Ыстық сумен жабдықтауға жеке есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін 1 текше метрге – 120,23 тенге ҚҚС-сыз.

«ҚЖЭО» МКК-ның жылу энергиясының есептеу құралдары болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне уақытша өтемдік сараланған тарифтері төмендегідей:

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 1313,27 тенге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2509,19 тенге, тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 80,94 тенге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнату техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайында, бірақ типтегі үйлерде тұратын және орналасқан тұрғындар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2090,99 тенге, тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 67,45 тенге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар өзге де тұтынушылар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2405,32 тенге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ өзге де тұтынушылар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 4273,85 тенге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар бюджеттік мекемелер үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 19864,57 тенге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ бюджеттік мекемелер үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 27677,87 тенге.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №66-НҚ бұйрығына сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 қыркүйек аралығына уақытша өтемдік тариф бекітілді:

Жылу энергиясын өндіру қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 3036,50 тенге;

Жылу энергиясын беру және тарату қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2545,90 тенге;

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 135,58 тенге;

Яғни, 1 Гкал жылдағы орташа босату тарифі ҚҚС-сыз 5717,98 тенге, оның ішінде:

Халыққа 1 Гкал – 2332,13 тенге ҚҚС-сыз,

Бюджеттік мекемелерге 1 Гкал – 19750,25 тенге ҚҚС-сыз,

Басқа тұтынушыларға 1 Гкал – 3523,05 тенге ҚҚС-сыз,

Ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен жабдықтау – 2332,13 тенге.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 қыркүйек аралығына жылу энергиясына уақытша өтемдік тариф бекітілді:

Ыстық суды жабдықтауға жеке есептеу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін 1 адамға 1 айға – 373,14 тенге ҚҚС-сыз;

Ыстық сумен жабдықтауға жеке есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін 1 текше метрге – 134,10 тенге ҚҚС-сыз.



«ҚАЛА КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Іс-шаралардың атауы	Өтетін орны мен мерзімі
17 ҚЫРКҮЙЕК		
1	« Ауылым – берекенің ақ бесігі » атты ашық аспан астында этно бағыттағы ауыл кеші шарасы - Ауылдар жәрменкесі («Қарбыз-қауын FEST»,«Шұбат-қымыз FEST», «Бауырсақ PARTY»)» - Handmade (жергілікті Отандық өнім өндіретін кәсіпкерлердің және мүмкіндігі шектеулі жандардың колөнер жәрменкесі) - Этно-концерт	«Сыр Ана» монументінің алаңы сағат 11.00
2	« Қызылорда менің көзіммен » атты облыстық фотосуретшілердің <i>(фотосушка)</i> байқауы	Өнер арбаты сағат 18.30
21 ҚЫРКҮЙЕК		
3	« Кітап FEST » кітап көрмесі мен сатылым акциясын ұйымдастыру <i>(кітапханалар жүйесі, кітап дүкендері, кітапты өз еркімен сыйлайтын еріктілерді қамти отырып өткізу)</i>	Өнер арбаты сағат 15.00
23 ҚЫРКҮЙЕК		
4	Балалар жылы аясында « Шырайы артқан шахар! » тақырыбында көрме	Қала тарихы музейі сағат 10.00-17.00
5	« Қызылорда – жүрегімізін төріндесін » атты балалар арасында қалалық ән байқауы « Қызылорда менің көзіммен » атты жас суретшілер байқауы	Б.Шокенов атындағы саябақ сағат 10.00
6	« Неге маған жырламасқа Сырда туған елімді » атты жергілікті танымал акын-жазушылардың жыр кеші	Қорқыт Ата ескерткіші қасындағы амфитеатр сағат 17.30
24 ҚЫРКҮЙЕК		
7	Таза қала қалыптастыру мақсатындағы « Көңілді сенбілік » жалпықалалық сенбілік акциясы	Қаланың барлық аумағында сағат 09.00-13.00
8	Қала көлемінде қызмет жасап жүрген тазалықшыларға құрмет көрсету, сый жасау	сағат 09.00-13.00
9	« Қызылорда – достық мекені » атты түрлі ұлт өкілдері арасындағы өнер фестивалі	Достық үйі ғымаратының алды сағат 11.00
10	« Үлкенге құрмет-кішіге міндет » атты жалғызбасты, тұрмысы төмен, зейнет жасындағы үлкен кісілердің тұрғын үй аумағында тазалық жұмыстарын ұйымдастыру	сағат 13.00-18.00
11	Алғаш рет түрлі түсті бояу фестивалі « Ярқая Қызылорда 2022»	сағат 14.00
12	« Жастығымның күзесі Қызылорда » атты вокалды аспапты ансамбльдердің қатысуымен облыстық ретро фестиваль /концерт жанды дауыста/	Тұңғыш Президент саябағы сағат 18.00
30 ҚЫРКҮЙЕК		
13	« ҚұттықTIMES, Қызылорда » қала көшелерін көшпелі концертпен аралау / <i>көлік артындағы арнайы дайындалған жылжымалы сахнада концерт қойылады</i> /	Бекітілген маршрут бойынша қала көшелері сағат 17.00-20.00
1 ҚАЗАН		
14	« Денсаулық – зор байлық » атты жалпықалалық акция - Орталық алаңда жалпы халықтық жаттығу - Тегін медициналық тексерулер мен көмектер көрсету қызметі - Спорттық сайыстар (арқан тарту, қол күрес, гір тасын көтеру)	Орталық алаң сағат 09.00-13.00
7 ҚАЗАН		
15	« Бала барысы » қазақ күресінен облыстық балалар арасындағы турнир	«Евразия» спорт кешені сағат 10.00
14 ҚАЗАН		
16	« Бірлік пен бақыт арнасы, қазақтың Қызылордасы » атты театрландырылған қойылым, мерекелік гала-концерт	Орталық стадион сағат 18.00

■ НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

Дәстүрлі өнер жиынтығының алтын арқауы – Дүзбенбетұлы Жиенбай жырау. Атадан балаға мирас болған өнер көшінің көне сұрлеуі Сыр сүлейлерінің шоктығы биік тұлғасы Жиенбай жырау саналады. Жастайынан жыраулықтың ақ туын биік ұстаған ол Омар Шораяқтың қызынан туады.

Сүтпен сіңген қасиет ата жолын жалғауына сеп болса керек. Бала жасынан әкесі Дүзбенбеттің ән-жырын тыңдап өсіп, жастайынан ауыл-аймақты өзінің өнерімен тәнті етіп, ел ықыласына бөленеді. Жиенбай 1864 жылы Қармақшы ауданы, қазіргі Тұрмағамбет ауылында дүниеге келген. Әке ықпалымен ақындық өнерге ықыласы ауып, зеректігімен, алғырлығымен халықтың жүрегінен орын алып, жас жырау атанады.

Ауыл мешітінен діни сауат ашып, арабша үйренеді. Кейіннен араб тілінде өлең де жазады. Көнекөз қариялардың айтуынша, Жиенбай «Көрұғлы» дастанының арабша нұсқасын қазақ тіліне аударып, ауыл-аймаққа жырлап таратады. Өнер билігіне талпынған жыр жампозы түрлі тақырыпта дастандар мен киссалар, өлеңдер мен арнаулар жазып, артына мол мұра қалдырған. Жиенбай жырау талай рет айтысқа да түседі.

Айтыскер акын айтыстың қазақ елінде кең жайылуына еңбек сіңірді. Ақынның Тұрмағамбетпен, Кете Жүсіппен, Тұрымбетпен, сондай-ақ Алтын руынан шыққан Тобжан ақынмен айтыстары бізге дейін жетті.

Жиенбайдың жыраулық өнерін сынамақ болғандар да көп. Бірде Төрөбай би дүр Оңғар, Жиенбай



ЖЫР ЖАМПОЗЫ ЖИЕНБАЙ

және Тұрымбетті сынамақ болып: – Жырауларым, ажал ескертусіз келеді. Егер сол ажал мені алып кеткен жағдайда сіздер мені қалайша жоқтайсыздар, соны көзім тірі кезде естіп қалсам деген ойым бар, – дейді. Сонда Төрөбай бидің өтінішін алғашқы боп орындаған Оңғардан кейін жоқтау кезегін алған Жиенбай:

Қайтейік, пендеде арман таусылған ба, Айбатты ең, шетіне жау кіре алмаған. Тілейміз тұлпар ізін тайы басып, Алтын руынан шыққан Тобжан ақынмен айтыстары бізге дейін жетті. Қайран ер айта-айта торығамыз, Құтылып кеткен жан жоқ сұм ажалдан, – деп жанында отырған

Тұрымбет жырауға өзін жалғастыр дегендей ымдаған екен.

Сондай-ақ 1926 жылы Қызылдың қиясында осы өңірге есімі белгілі бай, төрт түлігі төскейде жайылған бақуатты Бектібай бай әкесі Шонаққа ас береді. Үш жүздің жайсандары жиналған аста Бектібай түйе балуан күресін ұйымдастырып, 40 жырауды жырлатады. Талай жыр дүлдүлдері қатысқан жыр додасында Жиенбай жүлдеге тігілген 300 жылқыны жеңіп алып, ұтысының басым бөлігін сол маңда жүрген халыққа таратып жібереді. Ал қалғанын ауылдағы жарлы-жақыбай мен ағайын-туысқа үлестіреді.

Жиенбай жыраудың өнегелі ісі көптеген акын-жыраудың шығармасына арқау болды.

Омар Шораяқұлы Жиенбай жиені туралы:

Дүзбенбетұлы Жиенбай, Ақ домбыра қолға алып. Ұшатын құстай қолданар, Ерегіскен ер болса, Екі талай жер болса, Аянбай шауып жолды алар, – деп оның өнегелі өмірін елге насихаттаса, Даңғайыр акын Тұрмағамбет: Есенжол, Жүсіп, Жиенбай, Жүйріктері заманның. Отарбадай әр жерден, Көрінетін бірақ бұрқыұлы, – дейді.

Мүсілім ШАЙДУЛЛА

■ ДӘСТҮР

Халқымыз ертеден ырым-тыйымдарға қатты мән беретінін білеміз. Соның ішінде бүгінгі күнге дейін манызын жоғалтпаған үлкендер жастарға ескертіп айтып отыратын ырымдар бар. Олардың қасиеті туралы бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, екіншісі біле бермейді. Мәселен, қазақ халқының тұрмыс-салтында кәрі жілікті босағаға ілу наным-сенімі болған екен. Жақында ағамыздың үйінде құран оқытылып, үлкендерден «кәрі жілікті босағаға іліп қою қажет екенін» естідім. Бұл әңгіме қызықтыра

жабыса біткен жанама сүйегі бар, қолдың қарында болатын сүйек. Жанама біткен сүйегін қары жіліктің қамшысы, құрығы, ілдіргесі деп атайды. Аталған жілік мал етіндегі басты бөлігі саналады. Қазанға ет салғанда осы жіліктен бастап салу қажет екен. Себебі бұл жілік еттің бәрін ұстап тұрады деп сенген. Піскен соң шақпайды, құла табаққа салмайды. Қары жілікті қонаққа, бөтен, жат адамға емес керісінше, «ағайын мінімейді» деген оймен ауыл адамдарының табағына салады. Ол

тұр деген жорамалдан туындайтын салт бойынша жасалады.

Сонымен қатар қазақ салтында кәрі жілікті өсіп келе жатқан қыз балаға «оң жақта отырып қаласын» деп ұстатпайды. Ал бойдақ жігітке «сұр бойдақ болып қаласың» деген сенім бойынша бермеген. Халық пайымында оны үй иелері өздері мүжіген соң босағаға «мал аман болады, дүние-мүлікті ұры-қарыдан, пәле-жаладан сақтайды» деп сүйек арасындағы тесігінен ши өткізіп, құрық ұстаған жылқышы тәрізді іліп қояды.

Зерттеулерге сүйенсек, балалар құлақ ауруына шалдықпасын деген сеніммен осы жілікпен бірге жан-жағында бірнеше тесігі бар тастың саңылауынан жіп өткізіп, босағаның жоғарғы оң жағына іледі екен. Бұл басты «бұлақтас» деп атайды. Кейде баланың құлағы ауырып, құлағынан бұлақ ағып жүргенін көрсе, үлкен кісілер дереу босағаға бұлақтас тауып ілуді тапсырады.

Сондай-ақ босанатын әйелдің айналасына үйдің төбесінде ілініп тұрған кәрі жіліктерді әкеліп қоятын болған. Сүйектерді санаған аяғы ауыр әйелдің толғағы жиілейді деген сенім психологиялық амал ретінде қолданылса керек.

Біз бүгінде мұндай ырымдарды қолдана бермейміз. Кәрі жіліктің қасиетін түсінбейтін ер-азаматтар да жетерлік. Сондықтан да әрбір отбасында мал сойылып, қонақ күткенде осындай мән-мағыналы дүниені ұрпақ жадында қалдыруға міндеттіміз. Себебі оның қасиетіне терең үніліп, қолдана білсек, біраз жамандықтың алдын алуға, отбасын қорғауға септігін тигізері анық.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қазақ салт-дәстүрді берік ұстанып, ырымға қатты сенетін халық. Оның ішінде кішкентай баланың аузына елге сыйлы адамға түкірту жоралғысын ерекше айтуға болады.

Қазіргі кезде бұл жоралғы жан-жақты талқыға түсіп, түрлі сынға ұшырап жүр. Әсіресе жастар жағы бұл ырымның гигиеналық талаптарға сай еместігін алға тартуда. Олардың айтуынша, оның салдарынан жұқпалы аурудың да тарауы мүмкін екен. Әлеуметтік желілерде осы жоралғыға байланысты қандай пікірлер бар екен деп ғаламторға үнілгенімде «Біреудің сілекейі аузына түсіп кетсе, сол адамның ДНК-сы денеге сіңіп, табигатының бір бөлшегіне айналып кетеді» деген пікірді де көзім шалып қалды.

Сосын шынымен, ауызға түкірту қаншалықты дұрыс деген ой келді. Кішкентай кезімізде ата-анамыз «Аспапна, айға, шаңыраққа түкірме» деп отыратыны есімде қалыпты. Одан бөлек дана халқымыз «Су ішкен құдығына түкірме» дейді.



АУЫЗҒА ТҮКІРҮ

Меншік иесі:  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті РР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сәуір күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3737 Тансырыс №1551
	Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА			